

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Солнышко» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 25-29 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл -күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б). Таңертең гігимнастика (5 мин)	Үстел -үсті ойыны пазл: «Үйшік құрастыр» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, тілін дамыту. Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі , құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Қатты-ақырын-сыбырлап» Мақсаты: Балаларға қатты, сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Таза айту» Мақсаты: Сөздерді таза айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Даусынан таны» Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата білуге дағдыландыру (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, Жаратылыстану)	Дидактикалық ойын: «Құс қорада» Мақсаты: Үй жануарларының дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
	Жаттығулар кешені: Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар» - жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау «Күн шығады» 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. «Күнге жылынамыз» Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. «Ағаштар қозғалады» Б.қ. қол төменде;				

	Қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу; 3-4-б.қ. «Шөп шабамыз» Б.қ.- қолды алға созып ұстау; 1- оңға бұрылу; 2- солға бұрылу; 3-б.қ. «Суға шомыламыз» Б.қ. – 1-4- алға еңкейіп, жүзуді имитациялау; 5-6- б.қ. «Сүнгиміз» Орнындасекіру. Шеңбердібойыменжүру. (Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Ойын-жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені. Ойламаймыз білмейміз. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Ойындар, Ұйымдастыр ылған іс – әрекетіне дайындық	Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Қимылды ойын: «Поезд» Мақсаты: бір-біріне, соқтығыспауға үйрету, есте сақтау қабілетін арттыру, дамытуды үйрету. Жапсыру әдіс-тәсілдерін үйрету (жапсыру, құрастыру)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс қабілеттерін арттыру,тілдерін дамыту,ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру)	Сөздік ойын: «Алақан мен балақан» Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің сөзін тың дауға, жаттамақ сөзі мен өз қимылын сәй кестендіруге үйрету. Алақан суреттерін салу. (Көркем әдебиет,қазақ тілі, сурет салу)	Қимылды ойын: «Секіртпелі жолдар» Мақсаты:Балаларды алға жылжуға,аяқ ұшын көтеріп жүруге үйрету,нақтылық пен шыдамдылық танытуға үйрету(Дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,жүгіру дағдыларын дамыту. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастыр	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түзу және ирек жолдар» Міндеті: Белгілі бір тапсырмаларды	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кеглимен көңілді ойындар» Міндеті:Заттарды айналып өтіп,	Музыка (Маман жоспары бойынша жүргізіледі)	Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: «Жануарлардың қимылын саламыз»	Қазақ тілі Тақырыбы: «Мен ұқыпты боламын» Міндеті:Жалпы белгілері бойынша

ылған іс - әрекет	орындау. Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. Түзу және ирек жолдармен төбешікке шығып жүгіруді үйрету. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу. (Бір-біріне қарап допты лақтыру, ол допты ұстап алу). -Түзу және ирек жолдармен төмпешікке шыға жүгіру. (Сызық бойымен және үлкен текшелер арасымен жүгіру) Қимылды ойын: «Төмпешіктен төмпешікке» Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі» (Қолдарындағы гүлдерді иіскеу). Еркін ойындар ойнау.	төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүруге дағдыландыру ҰІӨ барысы: 1. Бір қатар сапқа тұру. 2. Сәлемдесу. Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Заттарды айналып өту. -Төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру. Қ\О: «Кім епті?» Мақсаты: кеглилер ортасымен затпен, затсыз өту, жыланша жүру. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.		Міндеті: Жануарлардың қозғалысына еліктеу арқылы, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуды жалғастыру. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: Аңдардың жүрісін салу. Қадағалау, бақылау. Қимылды ойын: « Қоян, шырша, бүр» Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.	заттарды топтастыру (ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар). ҰІӨ барысы: Шаттық шеңберінде бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау. -Армысың – Ару аспан -Армысың – Жер Ана Амансыңдар ма, достарым, Сендерді көрсем қуанам! Тіл жаттығулары мен саусақ жаттығуларын орындау. Дидактикалық ойын: «Заттарды топтастыр» Балаларды топқа бөлу арқылы ойнату. Ыдыстар мен жиһаздарды, киімдер мен аяқ киімдерді ажыратып топтастыру. Сұрақтар қою. Телефон әдісі арқылы қорытындылау.
--------------------------	---	--	--	--	---

Серуен	Серуен №16 Бақылау: Кемпірқосақты бақылау . Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшкейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды	Серуен №17 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек: Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер». Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке,	Серуен №18 Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек:Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып ,	Серуен №19 Бақылау:Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз аландарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып,	Серуен №20 Бақылау:Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Күзгі киім». Мақсаты: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету. Қимылдық ойын: « Күн мен түн». Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?». Мақсаты: Балалардың
--------	---	---	--	--	---

ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын: . «Қимақ». Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал», - дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды. Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру. (Көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: . «Доппен ұрып алу». Ойын барысы:Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жан- жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады. Еркін ойын: • «Қуыршақты киіндіреміз». • «Отбасы» Тренинг: «Біз көңілді балалар». (Көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Тренинг: « Құс болып ұшайық» (Көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен. Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл- қозғалысын дамытуға , ептілікке,шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың	қимыл- қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі. Тренинг: «Бір шаңырақ астында». (Көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)
---	---	--	---	---

				біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады. Балалар бірінен соң бірі, жіп жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет. Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады. Ол әрбір жүргізушіге: «Жүгір!» деген сигнал береді. Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет. Дербес ойындар: -Қуаласпақ -Қояндар секіреді. Тренинг: «Қолшатыр». (Көркем әдебиет, қазақ тілі, тіл дамыту, дене шынықтыру,	
--	--	--	--	---	--

				қоршаған ортамен таныстыру)	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру)				
Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Ұйқыдан ояту.	«Ұйқымызды ашайық». Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын салқын сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Ойындар, дербес әрекет	Үстел үсті театры: «Бауырсақ» Мақсаты: Балаларға үстел-үсті театры арқылы баяндап айту, балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Ермексазбене жұмыс. (Мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?». Мақсаты:Балаларды киімдерді ажырата білуге үйрету.Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру)	Ойын: «Кім мерген» Мақсаты:Кеглилерді доппен құлатуға үйрету.Жылдамдыққа,ептілікке тәрбиелеу. (Дене шынықтыру)	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр» Мақсаты:балаларға тазалық туралы үйрету. Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. (Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Не ұшпайды?» Мақсаты:Ұшатын және ұшпайтын заттарды білу. (Құрастыру)
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жангулмен Расулға жеке жұмыс жүргізу. Күнделікті саламатсызба, Сау болыңыз, ас болсын, рахмет сөздерін үйрету.	Асад пен Аялаға жеке жұмыстар жүргізу. Кол моторикасын дамыту, конструкторлармен бірге көп жұмыс жасау, ойлау қабілетін дамыту.	Р. Каусар мен Сафияға байланыстырып сөйлеуге және баяу,жылдам қозғалуға үйрету.	А.Каусар мен Ибрагимге әуенмен бірге қимылдар жасауға,түстерді ажыратуға үйрету.	Айару мен Айзереге саусақ жаттығуларын үйрету.
Серуен	Серуен № 16Бақылау: Кемпірқосақты бақылау .	Серуен № 17Бақылау: Ауа-райын бақылау.	Серуен № 18Бақылау: Көгершінді бақылау.	Серуен № 19Бақылау:Күзгі көріністі бақылау.	Серуен № 20Бақылау:Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.

Ата-аналармен жұмыс. Балалардың үйге қайтулары.	Ата аналарға балаларының тәртібін, тазалығын айтып, түсінідіру.	Ата-аналарға балалардың балабақшаға таза, ұқыпты киініп жүрулерін қадағалауларын айту.	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Балаларды ауа-райына қарай киіндіру-әңгімелесу.